

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**САБАҚТАН КЕЙІНГІ МЕКТЕП: ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚТАН ТЫС
КЕЗДЕГІ БОС УАҚЫТын ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Әдістемелік ұсыныстар

**ШКОЛА ПОСЛЕ УРОКОВ: ОРГАНИЗАЦИЯ ЗАНЯТОСТИ
ШКОЛЬНИКОВ ВО ВНЕУРОЧНОЕ ВРЕМЯ**

Методические рекомендации

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 20 шілдедегі № 6 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 6 от 20 июля 2015 года)

Сабақтан кейінгі мектеп: оқушылардың сабақтан тыс кездегі бос уақытын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 16 б.

Школа после уроков: организация занятости школьников во внеурочное время. Методические рекомендации. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 18 с.

Әдістемелік ұсыныстар оқушылардың сабақтан тыс уақытын ұйымдастыруға арналған оқу-әдістемелік материалдарды қамтыған. Жұмыстың құрылымы мұғалімге сабақтан тыс уақытты оқушылардың жас, жеке ерекшеліктерін және дайындық деңгейін ескере отырып жобалауға мүмкіндік береді.

Мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне және мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыратын әдіскерлерге, қосымша білім беру педагогтеріне, педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушыларына ұсынылады.

Пособие содержит учебно-методический материал по организации занятости учащихся во внеурочное время. Структура методических рекомендаций предоставляет возможность учителю проектировать занятость школьников во внеурочное время с учетом возрастных, индивидуальных особенностей и уровня их подготовленности.

Рекомендованы учителям-предметникам, классным руководителям и заместителям директора по воспитательной работе, организаторам-методистам внеклассной работы, педагогам дополнительного образования, преподавателям педагогических вузов.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015
© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2015

Кіріспе

«Балалар бақытты балалыққа әрқашан да құқылы. Олардың уақыты қуаныштың, бейбітшіліктің, ойынның, оқу мен өсудің уақыты болу керек. Олардың болашағы әріптестіктің үйлесіміне негізделуі қажет. Олардың өмірі, келешегі кемелденіп, олар тәжірибе жинақтаған сайын жарқын бола түсуі керек».

Бала құқықтары туралы Конвенциядан

Қазақстандық білімді жетілдіру тұжырымдамасы қазіргі кезеңдегі жалпы білім берудің мақсаттарын анықтап береді. Мектеп әмбебап білімдердің, іскерлік пен дағдылардың тұтас жүйесін, сондай-ақ білім алушылардың өзіндік қызметі мен жеке жауапкершілігін, яғни заманауи білімнің сапасын анықтайтын негізгі біліктілікті дамытуға міндетті. Оқушыларда бастамашылық, өзіндік, толеранттылықты қалыптастыру тәрбие берудің басты міндеті болып болып табылады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін дамыту мен дайындық сапасын көтеруге сабақтан тыс жұмыстар (факультативтер, пәндік үйірмелер) үлкен мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні оқушыларға білім берудің мақсаты тұлғаны қалыптастыру мен дамыту үшін жағдай жасау; әрбір баланың бойында адамгершілік, мейірімділік, азаматтық, еңбекке деген шығармашылық қатынас және барлық әлемге ұқыпты қарау, жетістікке ұмтылу, өз халқының мәдениетін қорғау сияқты жетекші құндылықтарды тәрбиелеу болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә. Назарбаев партияның XVI съезінде сөйлеген сөзінде «Мәңгілік Ел идеясы арқауындағы жұмылдырушы құндылықтар – азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; оқымыстылық пен білімді қастер тұту; зайырлы ел – тағаттылық елі. Осындай жағдайда азаматтық орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасы болады», – деп атап көрсетті [1].

Егер мемлекет рухани бай болмаса, ешбір экономикалық және әлеуметтік жетістіктер мемлекетті күшті етпейтіні және өркендетпейтіні белгілі. Қоғамның рухани құндылықтарын қалыптастырудағы игі іске қатысы бар мектептерге үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Әдістемелік ұсыныстар баланың жеке қабілеттерін жан-жақты ашу, қызметтің алуан түріне балалардың қызығушылығын, қоғам мақұлдаған, тиімді әрекетке белсенді қатысу ниетін, өзінің бос уақытын өздігінше ұйымдастыру ептілігін дамыту мүмкіндігін беретіндіктен педагогикалық тұрғыда пайдалы. Шығармашылық, танымдық, спорттық, еңбек, ойын сияқты сабақтан тыс қызметтің әрбір түрі қандай да бір аспектіде оқушының бірлескен өзара әрекеттерінің тәжірибесін байытады, мұның жиынтығы үлкен тәрбиелеушілік нәтиже береді.

1 Оқушылардың сабақтан тыс кездегі бос уақытын ұйымдастыру бойынша қазақстандық және шетелдік тәжірибені зерттеу

Бүгінгі мектеп – бұл тәрбиелеу мен оқыту маңызды құрамдас элементтері болып саналатын күрделі жүйе.


Балалармен жұмыс жасау барысында біз оқу-тәрбие процесінің бірлігіне сүйенеміз.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың қазақстандық тәжірибесі көрсеткендей, мектептер өздерінің тәрбие жұмысында сабақтан тыс қызметке ерекше көңіл бөледі.

Сабақтан тыс жұмыс – бұл тәрбиелеуші ұйымдардың тіршілік әрекетін сыныптық-топтық ұйымдастырудан бөлек жүзеге асыратын әлеуметтік тәрбиені ұйымдастыру формасы.

Сабақтан тыс қызмет оқушылардың сабақ барысындағы әрекеті сияқты негізгі білім беру бағдарламаларын игеру нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған. Алайда, бірінші кезекте – бұл тұлғалық нәтижелерге қол жеткізу. Бұл сабақтан тыс қызметтің ерекшелігін анықтап беру барысында оқушылардың өзін-өзі дамыту дайындығы мен қабілетін, оқу мен таным уәждемелерін, оқушылардың құндылық бағдарларын, әлеуметтік біліктіліктерін қалыптастырады.

Сабақтан оқудан тыс қызметке өту:



Қазақстан Республикасындағы сабақтан тыс қызметтің жағдайын қарастырғанда мектептен тыс білімді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінетіндігі айқындалды. Ол келесі бағыттарда жүзеге асырылады: көркемдік-эстетикалық қосымша білім, экологиялық-биологиялық қосымша білім, балалар мен жасөспірімдер туризмін және өлкетануды дамыту, оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстар. Соңғы жылдары балаларға қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы бірлестіктердің дамуы байқалады, олар оқушылардың коммуникативті, зияткерлік қабілеттерін түзету мен дамытуға, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға бағдарланады. Бұл қызмет өскелең ұрпақтың әлеуметтік бейімделуіне, азаматтық қалыптасуына мүмкіндік береді [2].

Шетелдік тәжірибені талдау көрсеткендей, мектепте сабақтан тыс қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға болады: ойын, танымдық, мәселелік-құндылықтық қатынас, бос уақыттық-сауықтыру, көркем шығармашылық, әлеуметтік шығармашылық, еңбек, спорттық-сауықтыру, туристік-өлкетану.

Сондай-ақ, жүйе құраушы ретінде келесі қызмет түрлері анықталады:

1. Танымдық қызмет – оқушының дүниетанымын кеңейтеді, білімге құмарлығын және білімі мен зияткерлігін дамыту қажеттілігін қалыптастырады;

2. Көркемдік қызмет – дүниені эстетикалық сезінуді, әсемдікке қажеттілік, көркем ойлау мен нәзік эмоционалды қатынасты дамытады;

3. Спорттық қызмет – салауатты өмір салтына, дене сұлулығы мен өмірдің жоғары гигиенасына жағдай жасайды;

4. Қоғамдық пайдалы жұмыс түріндегі еңбек қызметі – оған деген оң қатынас адамдық болмыстың, адамдарға деген қатынастың, өзіне деген қатынастың көрсеткіші болып табылады;

5. Құндылықты-бағдарлы қызмет – әлемнің жалпыадамзаттық және әлеуметтік құндылықтарын ұтымды ұғынуға, әлемге жекелей қатыстықты сезінуге бағытталады;

6. Туристік-өлкетанушылық қызмет – туған өңірдің тарихын, мектеп тарихын тануға бағытталған.

Ресейлік ғалым Л.П. Бутенконың пікірінше, елімізде балалардың бос уақытын ұйымдастырудың өркениетті жүйесін ұйымдастыруға бағдарлануда Батыс Еуропаның тәжірибесіне сүйенген жөн.

Қазіргі уақытта Батыс Еуропа елдерінде көптеген «интеграцияланған» мекемелер бар, олардың арасынан кең тарағаны – мектеп немесе лицейлерге негізделген түрі. Мысалы, Чехия мен Словакияда мектеп базасында пайда болған заманауи клуб мекемесі мәдени-тәрбиелеу қызметі түрлерінің дәстүрлі жинағынан басқа кафе немесе шағын мейрамхана мен спорт кешенінен тұрады.

Мемлекеттік ағылшын мектептеріндегі маңызды сәт – аға ұрпақ өкілдерінің қатысуымен жалпы білім беру процесін мектептен тыс әлеуметтік-мәдени қызметпен толықтыру болып отыр. Әлеуметтік-мәдени мекемелердің тұратын ортамен «бірігіп кету» процесі бір ғимаратта немесе қатар тұрған құрылыс кешенінде орналасқан балалар бірлестіктері санының өсуімен қатар жүреді; соңғы жылдары белгілі аймақ тұрғындарының бастамасымен құрылған жекелеген мекемелер кең таралуда [3].

Өркениетті адамзат әрбір баланың жеке абыройын, оның жеке өмірге, демалу мен бос уақытқа, «қуаныш пен достыққа» деген құқығын құрметтеуі керек. Бала еркін және мәдени өмірге араласуы, өнермен айналысуы керек. Ересектердің заманауи қоғамы әрбір балаға бос уақыты болу құқығын қамтамасыз етуге, өзіндік даму жолын таңдау мүмкіндігін беруге міндетті.

2 Білім беру ұйымдарында оқушылардың сабақтан тыс кездегі бос уақытын ұйымдастыруын талдау

Сыныптан тыс жұмыстарға келесі талаптар қойылады:

– сыныптан тыс сабақтар оқушылардың білімдерін тереңдете және кеңейте отырып, олардың зейінін оқу бағдарламасының негізгі мазмұнынан бөлуі тиіс емес;

– сабақ пен сыныптан тыс сабақтардың оқу-тәрбие жұмыстарының тығыз байланысы болуы қажет. Алайда, сыныптан тыс жұмыс оқу жұмысының қарапайым ғана жалғасы болып қалмауы керек;

– оқушыларға оқу үшін ұсынылатын материал қолжетімді, олардың жасына, даму деңгейіне сәйкес болуы керек;

– сыныптан тыс сабақтардың мазмұны мен оларды ұйымдастыру формалары оқушыларға үнемі қызық болуы қажет;

– жеке, топтық және ұжымдық жұмыстың терең байланысы жүзеге асырылуы керек;

– жұмыстың еріктілігі мен оны орындау міндеттілігі үйлесімді болуы қажет.

Оқушы тұлғасын, оқушылардың игерген білім, біліктіліктері мен қабілеттерін шынайы өмірде қолдану дайындығын дамыту үшін, практикалық міндеттерді шешу үшін, компьютерлік сауаттылықтарын арттыру үшін пәндер бойынша үйірме жұмыстары ұйымдастырылған.

Оқушылар үйірмелер мен секцияларға қатыса отырып, жетекшінің жеке жұмысының арқасында өз құрдастарының ортасына бейімделеді, материалды терең зерделеу мүмкіндігін алады. Сабақтар кезінде жетекшілер жасөспірімнің рухани дамуында үлкен рөл атқаратын ұйымдастырушылық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін ашуға тырысады.

Сабақтан тыс жұмыстың барлық жүйесі тәрбие, білім беру, даму мен денсаулық сақтауды біртұтас процеске біріктіруі, сол сияқты заттардың құрылымдық және мазмұндық сабақтастығын қамтамасыз етуі, мектептің міндеттері мен мақсаттарының ерекшеліген көрсетуі, тұлғаның жеке шығармашылық қызығушылықтарын жүзеге асыру үшін икемді жүйе құру қызметін атқаруы тиіс. Сабақтан тыс жұмыс маңызды міндетті шешеді – мектептің мәдени кеңістігін кеңейтеді. Оқушының бұл саладағы мәдени құндылықтармен танысуы оның жеке мүддесіне, оның микросоциумына байланысты болады.

Қазіргі кезде сыныптан тыс және мектептен тыс қызметті ұйымдастырудың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар жалпы принциптері дайындалды және қалыптасты. Оқушылармен сыныптан тыс уақыттағы сабақтардың түрлері мен бағыттарын анықтаудағы еріктілік – осы сабақтардың ерекшелігін анықтайтын анағұрлым ортақ принцип болып табылады.

Басты мақсатқа қол жеткізу үшін сабақтан тыс қызметті гуманистік, жүйелік, синергетикалық, іс-әрекеттік сияқты әдіснамалық тәсілдер негізінде және келесі принциптерге сәйкес құру қажет:

1. *Гуманистік бағыттылық принципі.* Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруда көп жағдайда балалардың қызығушылықтары мен мүдделері ескеріледі, оқушылар дербестігінің қалыптасу мен көріну процестеріне және субъектілігіне қолдау көрсетіледі, оқушыларда өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі таныту біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай тудырылады.

2. *Жүйелік принципі.* Оқушылардың сабақтан тыс қызметінің жүйесі құрылады, бұл кезде өзара қарым-қатынас орнайды:

- сабақтан тыс қызметтің барлық қатысушылары – оқушылар, педагогтер, ата-аналар, әлеуметтік серіктестер арасында;

- ұйымдастырылған қызметтің негізгі – мақсатты, мазмұнды-қызметтік және бағалау-нәтижелілік және т.б. компоненттері арасында.

3. *Вариативтілік принципі.* Білім беру ұйымдарында балаларға таңдау еркіндігі мен оған өз еркімен қатысудың, қызметтің әр түрінде өз күші мен қабілетін жүзеге асырудың шынайы мүмкіндігін беретін сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудың көп түрі (бағыттары), формалары мен тәсілдері кең тараған.

4. *Креативтілік принципі.* Педагогтер сабақтан тыс қызметте балалардың шығармашылық белсенділігін, жеке және ұжымдық шығармашылық өмірге қатысу тілегін қолдайды.

5. *Табыстылық және әлеуметтік маңыздылық принципі.* Сабақтан тыс қызметті ұйымдастырушылардың бар күші балалардың бойында табысқа қол жеткізу тілегін қалыптастыруға бағытталады. Бала қол жеткізген нәтижелер тек тұлғалық маңызды ғана емес, сондай-ақ оны қоршағандар үшін бағалы да болуы қажет.

Оқушылардың сабақтан тыс қызметін жобалау, жоспарлау, ұйымдастыру педагогикалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік және басқарушылық міндеттер кешенін шешуді білдіреді.

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудың педагогикалық міндеттері:

1. Сабақтан тыс уақытта оқушыларды ұйымдастыру үшін жағдай жасау.

2. Оқушылардың қызығушылықтарын, жас, жеке ерекшеліктерін ескере отырып қызметтің алуан түрлеріне қатысуын қамтамасыз ету.

3. Оқушылардың шығармашылық жүзеге асуына, жетістігіне, өзін көрсетуіне, шынайы және әлеуетті мүмкіндіктерін өзіндік ұсынуына ықпал ету.

4. Оқушылардың тұлғалық, метапәндік және пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруы үшін жағдай тудыру.

5. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, қоршаған ортамен танысу, белсенді әлеуметтену мақсатында әлеуметтік тәжірибелер ұйымдастыру.

6. Оқушылардың тұлғалық-маңызды және әлеуметтік пайдалы қызметке араласуы арқылы зиянды әдеттердің, девиантты мінез-құлық қаупінің алдын алуды қамтамасыз ету.

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудың ұйымдастырушылық-әдістемелік міндеттері:

1. Мектеп жағдайында сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудың

ұйымдастыру-әдістемелік материалдарын дайындау.

2. Сабақтан тыс қызметтің барлық бағыттарын қамтамасыз ететін метапәндік курстар, үйірмелер, секциялар, студиялардың бағдарламалар банкіні жасау.

3. Оқушылардың сабақтан тыс қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік бірлестік «портфолиосын» жасау.

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудың басқарушылық міндеттері:

1. Оқушылардың сабақтан тыс қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін педагогтердің функционалдық міндеттерін бекіту.

2. Оқушылармен сабақтан тыс қызмет аясында өткізілетін іс-шаралардың жоспар-кестесін бекіту.

3. Оқушылардың сабақтан тыс қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін педагогтерді ынталандыру жолын анықтау.

Педагогтер мен оқушылардың қалауына қарай оқушылардың сабақтан тыс қызметін төмендегі жағдайларда ұйымдастыруға болады:

– түрлі ұйымдастырушылық формаларда: факультативтер, танымдық бағыттағы үйірмелер, пәндік үйірмелер, метапәндік үйірмелер, оқушылардың ғылыми-зерттеу қоғамы және т.с.с.;

– оқушылардың әртүрлі құрамында: жеке, шағын топтар, топтар, ұжымдар, көпшілік;

– мәселелі-құндылықты қарым-қатынас формаларында: этикалық әңгімелер, дебаттар, тақырыптық диспуттар, проблемалы-құндылықты дискуссиялар және т.б.;

– төменгі сынып оқушыларының еңбек, патриоттық, экологиялық және т.б. әлеуметтік шығармашылық және әлеуметтік тәжірибесінің түрлі формаларында [4].

Жалпы білім беру мектептері каникул күндерінде қосымша білім беру мекемелері мен басқа да мекемелер базасында балалардың демалысын және оларды сауықтыру, лагерьлік тақырыптық ауысымдар, жазғы мектептер ұйымдастыру мүмкіндіктері пайдаланылады.

3 Оқушылардың сабақтан тыс кездегі бос уақытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар

Білім беру ұйымдарында оқушылардың сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру бойынша сабақтан тыс қызметтің түрлі білім беру бағдарламалары әзірленуі мүмкін:

– кешенді білім беру бағдарламалары, сабақтан тыс қызмет түрлерінде тәрбиелік нәтижеден келесі деңгей нәтижелеріне біртіндеп өтуді пайымдайды;

– тақырыптық білім беру бағдарламалары, белгілі бір проблемалар аясында тәрбиелік нәтижеге бағытталады және мұнда сабақтан тыс қызметтің алуан түрлерінің мүмкіндіктері пайдаланылады (мысалы, патриоттық тәрбиенің білім беру бағдарламасы, толеранттылыққа тәрбиелеудің білім беру бағдарламасы және т.с.с.);

– белгілі деңгейдегі жетістіктерге қол жеткізуге бағдарланған білім беру бағдарламалары. Мұндай бағдарламалар білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты болуы мүмкін, мысалы: 1-сынып үшін – қызметтің алуан түрлерінде оқушының әлеуметтік білімдерді игеруге бағдарланған білім беру бағдарламалары; 2-3 сыныптар үшін – әлеуметтік шындыққа құндылықты қатынас қалыптастыратын білім беру бағдарламалары; 4-сынып үшін – оқушыға өзіндік қоғамдық әрекет тәжірибесін беретін білім беру бағдарламасы;

– сабақтан тыс қызметтің нақты түрлері бойынша білім беру бағдарламалары;

– жас ерекшелігіне қарай білім беру бағдарламалары (кіші жастағы оқушылардың сабақтан тыс қызметінің білім беру бағдарламасы; жоғары сынып оқушыларының сабақтан тыс қызметінің білім беру бағдарламалары);

– оқушыларға арналған жеке білім беру бағдарламалары.

Білім беру ұйымдары оқушыларға аталмыш бағыттағы сабақтардың кең спектрін таңдау мүмкіндігін беруі тиіс. Осылайша, сабақтан тыс қызмет оқушылар үшін өз шығармашылығын, танымын, дене белсенділігін дамыта алатын, өзінің ең жақсы тұлғалық қасиеттерін жүзеге асыратын кеңістікті кеңейтеді.

1-қосымшада «Сабақтан тыс қызметте тәрбие нәтижелеріне қол жеткізудің айрықша формалары» әдістемелік конструкторы көрсетілген, ол сабақтан тыс қызметтің нәтижелері мен формаларының өзара байланысына негізделген. Педагогтер оны сабақтан тыс қызметтің білім бағдарламаларын әзірлеуде бар ресурстарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру ұйымдарының ерекшелігін ескере отырып қолдана алады [5].

1-кестеде сабақтан тыс қызмет арқылы оқушы тұлғасын дамыту бағыттары ұсынылған.

1-кесте – Сабақтан тыс қызмет арқылы оқушы тұлғасын дамыту бағыттары

Тұлғаны дамыту бағыттары	Сабақтан тыс қызмет бағыттары	Сабақтан тыс қызмет түрлері	Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру формалары
1	2	3	4
Спорттық-сауықтыру	Спорттық-сауықтыру	Ойын қызметі Спорттық-сауықтыру қызметі	Үйірмелер Жарыстар Клубтар Секциялар Жарыстар Клубтар Экскурсиялар Жарыстар Олимпиадалар Әскери-спорттық ойындар
	Әскери-патриоттық	Туристік-өлкетану қызметі Көркем шығармашылық Танымдық қызмет	
Рухани-адамгершілік	Ғылыми-танымдық	Бос уақытта көңіл көтеру қызметі (бос уақыттағы қарым-қатынас) Ойын қызметі	Үйірме Шығармашылық бірлестік Концерттер Спектакльдер Көрмелер Зияткерлік ойындар Дөңгелек үстел Пікірталастар Конференциялар Әлеуметтік жобалау Әлеуметтік сынамалар Азаматтық акциялар Еңбек десанты Медеткерлік (шефтік) қозғалыс «Тимуршылар қозғалысы»
	Көркем-эстетикалық		
	Әскери-патриоттық	Проблемалы-құндылықты қарым-қатынас Туристік-өлкетану қызметі	
	Қоғамдық-пайдалы қызмет	Әлеуметтік шығармашылық (әлеуметтік жаңартатын ерікті қызмет)	
	Жобалау қызметі	Еңбек (өндірістік) қызметі	

1-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
Әлеуметтік	Қоғамдық-пайдалы қызмет Жобалау қызметі	Ойын қызметі Проблемалы-құндылықты қарым-қатынас Әлеуметтік шығармашылық (әлеуметтік жаңартатын ерікті қызмет) Еңбек (өндірістік) қызметі	Балалардың қоғамдық бірлестіктері Балалардың қоғамдық ұйымдары Акциялар Қозғалыстар Әлеуметтік маңызды жобалар
Жалпызияткерлік	Ғылыми-танымдық	Танымдық қызмет Туристік-өлкетану қызметі	Мектептік ғылыми қоғамдар Жарыстар Клуб Экспедициялар Ізденіс операциялары Зерттеушілік жобалар
		Проблемалы-құндылықты қарым-қатынас	Мектептік ғылыми қоғамдар Олимпиадалар Іздестіру және ғылыми зерттеулер Жеке-топтық сабақтар (ЖТС) Жеке-топтық кеңестер (консультациялар) (ЖТК) және т.б.
Жалпымәдени	Көркем-эстетикалық	Бос уақытта көңіл көтеру қызметі (бос уақыттағы қарым-қатынас)	Клубтар Үйірмелер Студиялар
		Көркем шығармашылық	

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың біздің балаларымыз жан-жақты дамыған, әріптестік пен мәдениетаралық әрекеттесуге қабілетті, өзі және өз елі үшін жауапкершілік сезімі бар болуы керек деген сөздері Қазақстанның жас ұрпақты тәрбиелеудегі мемлекеттік саясатының мәнін құрайды.

Тәрбие процесі сабақ және сабақтан тыс қызметтің көмегімен жүзеге асырылады. Мектеп кеңістігінде ол үздіксіз, бірақ сабақтың және сабақтан тыс қызметтің әлеуетін ажыратып алу керек. Сабақ үнемі уақыт шегімен және басыңқы білім беру басымдықтарымен шектелген. Оқушылардың сабақтан тыс қызметі азаматтық ұстанымы мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастырудың негізі болып табылады. Оның сабаққа қарағанда уақыттық кеңістігі үлкен, қызметтің осы немесе басқа түрінде қатысушы-субъектілерінің саны артық және зор әлеуеті бар, себебі балаға өзін жетістікке жеткізе алатын қызмет салаларының бірқатар түрлері ұсынылады.

Сабақтан тыс қызметтің басты артықшылығы оқушыларға оларды дамытуға бағытталған істердің кең спектрін ұсыну болып табылады. Оқушының қалауы бойынша сабақтан тыс қызметке бөлінген сағаттар оқудың сабақтық жүйесінен ерекшеленетін формаларда пайдаланылады.

Оқушылардың сабақтан тыс қызметін жүзеге асыру келесі мүмкіндіктерді береді:

– оқушылардың жас мүмкіншіліктеріне сәйкес қызметтің әр түрін (оқу, еңбек, коммуникативтік, қозғалыстық, көркемдік), қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаға бейімделуін, өз денсаулығы мен дене мәдениетін қолдау және нығайту біліктілігін игеру;

– білім алушыларда қоршаған әлемге дұрыс қатынас, этикалық және адамгершілік нормалар, эстетикалық сезімдер, түрлі шығармашылық қызметке қатысу ниетін қалыптастыру;

– білім алушылардың әрі қарай оқуға дайындық деңгейін анықтайтын, өздігімен білім алу, бақылау мен өзіндік бағалаудың қарапайым дағдыларын дамытатын білім, білік және қызмет тәсілдерін қалыптастыру.

Дамушы қоғамға өздігімен шешім қабылдай алатын, олардың мүмкін болатын салдарын болжауға қабілетті заманауи білімді, адамгершілікті, іскер адамдар қажет, олар ұтқырлықпен ерекшеленеді, әріптестікке қабілетті, еліміздің тағдыры үшін, оның әлеуметтік-экономикалық гүлденуі үшін жауапкершілік сезімі бар. Ұтымды ұйымдастырылған сабақтан тыс қызмет оқушы тұлғасының дамуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: Бес институционалдық реформа» – Астана. – 2015. – 11 наурыз.

2 Бурганова Р.И., Оспанова Я.Н., Абдрашитова Т.А., Радионова К.В. Модель региональной программы развития досуговой деятельности школьников. – Астана. – 2009. – 87 с.

3 Бутенко Л.П. Свободное время: за и против подростков // Семья и школа. – 2004. – № 2. – С. 9-12.

4 Майорова Н.В., Ковалев В.П. Развитие творческой активности младших школьников: учебно-методическое пособие для организации внеклассной работы с младшими школьниками. – Чебоксары: Чуваш. гос. пед. ун-т, 2013. – 84 с.

5 Григорьев Д.В., Степанов П.В. Внеурочная деятельность школьников. Методический конструктор. – М.: «Просвещение», 2010. – 31с.

«Сабақтан тыс қызметте тәрбие нәтижелеріне қол жеткізудің айрықша формалары» әдістемелік конструкторы

Нәтижелер деңгейі. Сабақтан тыс қызметтің түрлері	Әлеуметтік білімдерді игеру	Әлеуметтік болмысқа құндылықты қатынас қалыптастыру	Өзіндік қоғамдық әрекет ету тәжірибесін меңгеру
1	2	3	4
1. <i>Ойын</i>	Рөлдік ойындар Іскерлік ойындар Әлеуметтік модельдеу ойыны		
2. <i>Танымдық</i>	Танымдық әңгімелер, пәндік факультативтер, олимпиадалар Дидактикалық театр, қоғамдық білім байқауы, «Не? Қайда? Қашан?» зияткерлік клубы Балалардың зерттеушілік жобалары, танымдық бағыттағы мектептен тыс акциялар (оқушылар конференциялары, зияткерлік марафондар және т.с.с.), мектептік мұражай-клуб		
3. <i>Проблемалы-құндылықты қарым-қатынас</i>	Этикалық әңгімелер Дебаттар, тақырыптық диспуттар Сыртқы сарапшылардың қатысуымен проблемалы-құндылықты пікірталас		
4. <i>Бос уақыттық-сауықтыру қызметі (бос уақыттық қарым-қатынас)</i>	Мәдени орындар: театр, мұражай, концерт залдары, галереяға бару Концерттер, сахналандырылған қойылымдар, сынып және мектеп деңгейіндегі мерекелік шаралар Мектептік қоршаған ортадағы оқушылардың бос уақытта көңіл көтеру акциялары (қайырымдылық концерттері, мектептегі көркемөнер гастрольдері және т.с.с.)		
5. <i>Көркем шығармашылық</i>	Көркем шығармашылық бірлестігінің сабақтары Көркемөнер көрмесі, өнер фестивальдері, сыныптағы, мектептегі спектакльдер		

1-қосымшаның жалғасы			
1	2	3	4
	Мектептік қоршаған ортадағы оқушылардың көркемөнер акциялары		
6. Әлеуметтік шығармашылық (әлеуметтік тұлғалармен түрленген ерікті) қызмет	Әлеуметтік сынама (ересектер ұйымдастырған әлеуметтік іске, акцияларға баланың бастамашылықпен қатысуы)		
	ҰШІ (ұжымдық-шығармашылық іс) Әлеуметтік-білім беру жобасы		
7. Еңбек (өндірістік) қызмет	Құрастыру бойынша сабақтар, техникалық шығармашылық, кәсіптік қолөнер үйірмелері		
	Еңбек десанттары, тиімді сюжеттік-рөлдік ойындар («Пошта», «Фабрика»), ересектердің басшылығындағы балалардың өндірістік бригадасы		
	Балалар мен ересектердің біріккен білім беру қызметі		
8. Спорттық-сауықтыру қызметі	Спорт секцияларының сабақтары, СӨС туралы әңгімелер, сауықтыру шараларына қатысу		
	Мектептік спорт турнирлері мен сауықтыру акциялары		
	Мектептік қоршаған ортадағы оқушылардың спорттық және сауықтыру акциялары		
9. Туристік-өлкетану қызметі	Білім беру экскурсиясы, туристік сапар, өлкетану үйірмесі		
	Туристік сапар, өлкетану клубы		
	Туристік-өлкетану экспедициясы Зерттеу-өлкетану экспедициясы Мектептегі өлкетану мұражайы		

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Оқушылардың сабақтан тыс кездегі бос уақытын ұйымдастыру бойынша қазақстандық және шетелдік тәжірибені зерттеу.....	4
2 Білім беру ұйымдарында оқушылардың сабақтан тыс кездегі бос уақытын ұйымдастыруын талдау	6
3 Оқушылардың сабақтан тыс кездегі бос уақытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар.....	9
Қорытынды	12
Қосымша	13
Пайдаланылған әдебиеттер	14

Введение

«Дети должны всегда иметь право на счастливое детство. Их время должно быть временем радости, временем мира, игр, учёбы и роста. Их будущее должно основываться на гармонии сотрудничества. Их жизнь должна становиться более полнокровной по мере того, как расширяются их перспективы, и они обретают опыт».

Из Конвенции о правах ребёнка

Концепция модернизации казахстанского образования определяет цели общего образования на современном этапе. Школа должна развивать целостную систему универсальных знаний, умений и навыков, а также самостоятельную деятельность и личную ответственность обучающихся, т.е. ключевые компетентности, определяющие современное качество образования. Важной задачей воспитания является формирование у школьников инициативности, самостоятельности, толерантности. Развитию интереса к предмету, творческих способностей, повышению качества подготовки учащихся способствует внеурочная работа (факультативы, предметные кружки).

В Плане нации «100 конкретных шагов», который выдвинул Глава государства для реализации пяти институциональных реформ, обозначены консолидирующие ценности на базе идеи «Мәңгілік Ел». Это, прежде всего патриотизм, верность идеалам добра и дружбы, трудолюбие, честность, образованность [1].

Президент Республики Казахстан, Председатель партии «Нұр Отан» Н.А. Назарбаев в своем выступлении на XVI съезде партии отметил: «Консолидирующие ценности на базе идеи Мәңгілік Ел – это гражданское равенство; трудолюбие; честность; культ учености и образования; светская страна – страна толерантности. В этом случае гражданство будет самым надежным фундаментом устойчивого и успешного государства» [2]. Совершенно очевидно, что никакие экономические и социальные достижения не сделают государство сильным и процветающим, если оно не будет духовно богатым. Большая ответственность ложится на школы, которые всегда были причастны к благородному делу формирования духовных ценностей общества.

Методические рекомендаций педагогически целесообразны, так как способствуют более разностороннему раскрытию индивидуальных способностей ребенка, развитию у детей интереса к различным видам деятельности, желанию активно участвовать в продуктивной, одобряемой обществом деятельности, умению самостоятельно организовать своё свободное время. Каждый вид внеурочной деятельности: творческой, познавательной, спортивной, трудовой, игровой – обогащает опыт коллективного взаимодействия школьников в определённом аспекте, что в своей совокупности даёт большой воспитательный эффект.

1 Казахстанский и зарубежный опыт организации занятости школьников во внеурочное время


Сегодняшняя школа – это сложная система, где воспитание и обучение выступают в качестве важнейших составляющих элементов. Воспитание уже не может рассматриваться как дополнение, довесок к обучению.

В работе с детьми мы опираемся на единство учебно-воспитательного процесса. Оно в наличии общей цели, взаимосвязи направлений и средств ее реализации (обучение и воспитание, теоретическая и практическая подготовка, урочная и внеурочная деятельность, сотрудничество учащихся и учителей, педагогическое руководство и ученическое самоуправление и др.).

Казахстанский опыт организации занятости школьников показывает, что особое внимание в своей воспитательной работе школы уделяют внеурочной деятельности.

Внеурочная работа – это форма организации социального воспитания, осуществляемая за пределами классно-урочной организации жизнедеятельности воспитательных организаций. Внеурочная деятельность, как и деятельность обучающихся в рамках уроков направлена на достижение результатов освоения основной образовательной программы. Но в первую очередь – это достижение личностных результатов. Это определяет и специфику внеурочной деятельности, в ходе которой обучающие формируют готовность и способность обучающихся к саморазвитию, сформированность мотивации к обучению и познанию, ценностные установки обучающихся, социальные компетенции.

От урока к внеучебной деятельности:



